

ПОЭЗИЯ ЖӘНЕ ПОЭЗИЯ СЫНЫ ЖАЙЛЫ Т. ӘЛІМҚҰЛОВ ОЙ-ШІКІРЛЕРІ

Ежелден аңсаған еркіндік пен тендікке қолымыздың жетуі – халқымыздың рухани мұрасын түгендеп, ұлтымыздың мәдениеті мен әдебиетіне, дүниетанымына қайта үніліп, жаңаша саралап, өзіндік ой қорытуға да мүмкіндік туғызып отыр.

Елбасымыз Н. Назарбаев: “Мәдени мұра” бағдарламасында: “...ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер үрпаққа аманаттау басты мақсат” екендігіне ерекше ден қоюмен қатар [1], тағы бірде: “Алдағы міндет ұлт мәдениетінің ұлы тұлғасын кезендік бұрылыштарда тарих сахнасына “шығара” білуде болса керек. Мұндайда әрі кен, әрі жүрдек “бүгінгі күннің даңғылымен” жүру үшін байырғы тәсіл жарамсыз болмақ.

Былайша айтқанда, өткенге мойын бұрамын деп болашағынан айырылып қалуын көдік”, – [2, 5] деп айқын мақсат, ортақ міндет қойған болатын.

Олай болса, көңестік кеңістіктегі тарихта, әдебиет пен өнерде бүркемеленген шындықтың пердесін ашып, өз кезінде зерттелмей, зерделенбей, танылмай келген мәдени байлықтарымызды заманымыздың даму үрдісіне сәйкес бағалау – тарихи, ғылыми, әдеби, мәдени жағынан ойластырсақ, аудай қажетті міндет.

Қай ғалымның болмасын енбегінің дәрежеденгейі жазғандарының санымен емес, сапалық құндылығымен, демек, ішкі ойының үшқырлығымен, пікірінің нақтылығымен бағаланары айқын нөрсе. Бұл мәселеде Т. Әлімқұлов қаламынан туындаған дүниелердің қай-қайсы болмасын, мейлі ол шағын мақала, сын-рецензия болсын

немесе ғылыми талдау, зерттеу, әйтпесе көркем аударма болсын, бәрі де шынайы болмыс-бітімімен жүйелі ой иесінің табиғатын андатады.

Тәкен Әлімқұловтың 1958 жылы “Жемісті жолда” [3] атты әдеби-сын мақалалар жинағы жарық көрген. Бұл жинаққа енген мақалалар қатарына елуінші жылдары жазылған енбектері, нақтылай айтқанда: “Абай Құнанбаев” (1954), “Поэзия және поэзия сыны” (1954), “Қасым Аманжолов” (1955), “Жолдас Маяковский” (1955), “Бір ақынның екі өлеңі туралы” (1955), “Жемісті жолда” (1958), “Вл. Маяковский шығармаларын аудару жөнінде кейбір ойлар” (1958), “Жанрын тапқан жазушы (1958) сынды бірталай мақалалары берілген.

Автордың “Поэзия және поэзия сыны” аталаатын мақаласының мәні зор. Онда сыншы 1950-жылдардағы поэзия жанрының даму барысына, осы саладағы әдеби сынның жетілу өрісіне шолу жасай отырып, қоғамдық өзекжарды мәселені қозғайды. Ол: “Біздің әдебиетте, оның ішінде қазақ совет әдебиетінде ең әділ төрөші, ең байыпты, ең зерек, ең жанашыр сыншы окушы жүртшылығы екенін өмір көрсетіп келеді. Бұл жүртшылықтың таптырмайтын қасиеті сол – жақсы өлең жазсан, жаттап алады, жаман өлең жазсан, жатырқай қарайды. Оған жағына алмайсын. Кейбір арзанқол достарына мадақтатып жаздырган мақалаларын да көдеге аспай қалады...” – [4, 238] деп ашы үшндықтың бетіп ашып, қазақ әдебиеті жайлы қарапайым оқырманның көзқарасын, әрине, көнілдері толмайтын пікірлерін ортаға салады. Бұл мақала – оқырман мен автор

арасында қазақ әдебиеті жайлы, поэзия мәселелері туралы болған пікірталас өнгіменің нөтижесі негізінде жазылған болатын.

Елуінші жылдардағы поэзия жанрында келенсіз олқылықтардың барлығын, мұны әдебиетші қауымның да іштей сезіп, жиылыштарда құлақ-қағыс етіп жүргендігі жасырын еместігін айта келіп, сыншы мәселені төтесінен кояды: "...Дөрекілеу айтылса да "ауруын жасырған адам өледі" деген мақал ақылды айттылған. Поэзиямыз артта қалғаны рас. Бірақ "көш жер" артта қалды ма, "осы жер" артта қалды ма, міне, өнгіме сонда" [4,239]. Байқасақ, бұл — шын жана шын жанын сөзі. "Дос жылата, дүшпан күлдіре айтады" дегендей, Т. Әлімқұловтың өз ұлтының өнеріне, әдебиетіне деген камқорлығын байқауға болады. Сол себепті ол осы тығырықтан шығудын, кемшіліктің жөндеудін шараларын карастыру қажеттігін атап көрсетеді.

Алдымен, сыншы "кемшіліктердің тұп төркіні неден?" деген сауал тастай отырып, жауабын іздейді.

Қазақ поэзиясы — тарихы жағынан алып қарағанда, әдебиеттің мәдениетіндең басшы жанры болып саналатындықтан, бұл салаға сокпаған бірде-бір қазақ жазушысы жоқ екендігін пайымдаған Т. Әлімқұлов: "...Біздің поэзия тұтас алғанда көнілдегі жерден шыға алмай келеді. Мұның себептері көп болуы мүмкін. Соның ішінен маған мынадай бір жай аян сияқтанады да тұрады. Біз искусствоның оның ішінде, сол искусствоның ең жоғарғы түрі поэзияның табиғи ерекшеліктеріне жете көніл қоймай келе жатырмыз. Осыдан барып қарадүрсінділік туып жүр. Поэзиядағы жеке шығармаларға деген талап өлі де күштеймей жатыр. Бұның бөрін көзге көрсетіп, ойға салып, миға қондырып отыратын әдеби сын болуға керек. Бірақ, бізде сол сынның жайы да мәз емес", — [4,239] деген ой-пікірін бүкпесіз, ашық айтады.

Және де осы тығырықтан шығудын мүмкіндіктің барлау жасайды. Негізінен алғанда, қазақ поэзиясы қойылатын талап-шарттан кешеуілдесе де, дұрыс даму, осу жолында келе жатқандығын, сондықтан да оның құнарлы, ұтымды, келешекке бағдар болар тұстарын тану — сынның алғашқы міндеттерінің бірі екендігін баян ете отырып, сыншы сол тұстағы қазақ поэзиясы, оның сәтті шығармалары хакында ғылыми тұрде жазылған татымды енбектің болмауына қынжылады.

Бұл тұста шағын рецензиялармен ғана шектелетін қазақ кенес поэзиясының 1953 жылдары "Әдебиет және искусство" басылымында жарық

көрген Ә. Жемішевтің Ж. Молдағалиевтың "Нұрлы өзен" поэмасы туралы жазған мақаласына, М. Сөрсекеевтің ақын Тайыр Жароковтың шығармаларын талдаған жарияланымына шолу жасап, талдай отырып, сыншылардың поэзиялық туындыларды талдау барысын сөз етеді.

Тәкен сыншылардың бойында ұсак-түйек кемшіліктердің жілкесі тізгендей тізе беру секілді олқылықтардың барлығын ескертеп келіп, орыстың ұлы сыншылары мен ойшылдарынан үйренип үздістің мол екендігіне назар салады. Ол: "Әрине, сыншы кемшіліктердің көрсетуге және баса көрсетуге тиісті. Бірақ, сол кемшіліктердің тамыры қайда жатқанын таптаған соң оқушының да, автордың да көкейіне қонбайды.

...Әдеби сын, оның ішінде поэзия сынны, ең алдымен өзі шығарма болуы шарт, тұлғасы сымбатты, оқушыға эстетикалық ләззат берерлік, оның ой-киялын оятып, санасын марқайтарлық пікір мен сезімге мейлінше толы шығарма болуы шарт. Виссарион Белинскийдің Александр Пушкиннің шығармаларын талдаған мақалаларын оқып отырғаныңда сол ақынның поэзиясынан кем осер алмайсын. Бұның өзі сынның да көркем шығарма екенін анфартса керек", — [4,241] дей отырып, сын табиғатына орай өзінің ізік эстетикалық талғамын анғаруымен қатар, поэзия сынның да, сыншыға да биік талап кояды.

Т. Әлімқұлов сол жылдардағы (1952—1953 жж. "Әдебиет және искусство") жазылған поэзия сынны жайлы мақалалардың саны жағынан жеткілікті болғанымен, сапалық деңгейі төмөндігін, коянның көзегіндей біріне-бірі тым ұқсас келетіндігін қатап ескертеді.

Тарихи тұрғыдан алғанда, қазақ кенес поэзиясының қоғамдық, мәні ерекше болатын. Қоғамдағы өзекті мәселелердің бәрінде де поэзия жанры мықты қару болғандығы жалған емес. Сондықтан да, оның тақырыбы (Қазан төңкерісі, кенес өкіметі, кенестік партия, конституция, халықтар достығы т.б.) ауқымды болғаны анық. Осынау мәселелерге жіті назар салған сыншы колхоздастыру мен өндіріс тақырыбының ерекше жырланғандығын атап көрсетеді. Бұл салада С. Мұқанов, Т. Жароков, Х. Ерғалиев, С. Мәуленов сынды ақындардың елеулі табыстарын алға тарта отырып, Тайыр Жароковтың "Қырда туған құрыш" атты поэмасы мен Дихан Әблевтің "Алтай жүрегі" атты романдарына төқталып, өзіндік талдау-сараптауларын жасаған.

Бұл шығармалардың заман талабына сай жазылғанмен, діттеген тақырып толықтанды мен-

герілмегендігін ескертумен бірге, шығармалардың көркемдік құндылығына да нұқсан келгендейтін ерекше атап көрсетеді.

Сыныш Т. Жароков поэмасының кейіпкерлері бір-біріне тым үқастығын, шығармадағы маҳабbat мәселесінің суреттегі де солғын, әсерсіз екендігін поэмадан нақтылы үзінділер келтіре отырып дәлелдейді. Әйтсе де, кезінде “Күн тіл қатты”, “Жапанды орман жаңғыртты” секілді құнды поэмалар жазған Т. Жароковтың өндірістік күрделі тақырыпқа баруы куанышты болғанмен, сол тақырыптың жан-жақты қырын толық мәнінде аша алмауы өкінішті екендігіне тоқталған сыныш: “...сөз болып отырған поэмасында (“Қырда туған құрыш”) ақын өндірістегі адамдарды көрмей, құр технологияны суретке түсіріп ала береді”, – [4,244] деген ой айтады. Оған да шығармадан нақты мысалдар келтірген. Мәселен:

Шанырактай маховик
Зілдей жиырма үш тонналық
Электрден от алып,
Зыр жүгіріп айналып т.т.б.

Асылы, Т. Әлімқұлов поэзия жыршысынан биік талғам мен жырланатын тақырыптың шынайы табиғатын терен түсінуді, тақырып болмысина бар ынтастымен бойлауды талап еткенін пайымдауға болады.

Дегенмен, Тәкен Тайыр Жароков туындысының жақсылықты түстары да бар екендігін жоққа шығармайды. Поэманың эпилогы сөтті шыққан-дыбының:

Шолдым жазған сөзімде
Тұғанын жас болаттын,
Жыр – болаттың өзінде!
Мен, тек, ойды оятым,

деген жолдардан тани отырып, ақынның жас болатқа әсерлі сөзбен шолу жасағанмен, ойды оята алмағандыбының, оның басты себебі – өндіріс технологиясын жалаң суреттеу кемшілігінде жатқандыбының катан ескертіп, ақынның жетістігі жайлы: “Т. Жароковтың поэмасында құнарлы тараулар, шумактар, жолдар, үтимді сөз орамдары, жарасымды сөз образдары бар. Мұның бәрі ақынның творчестволық мүмкіндіктерін сипаттайтында жатқандыбының екендігін пайымдайды” – деп түйіндейді.

Т. Әлімқұлов осындағы талдауды Д. Әбілевтің “Алтай жүрегі” атты романына да жасаған. Алдымен, Диханның романында ауыз толтырып айтартық әсерлі түстары барлығын сөз етіп, айтальық, Риддер жұмысшыларының В.И. Ленинмен кездесу сөті, Зейнеп пен баласы Есейдің тағдырының суреттегі деңгелі нанымды да әсерлі сурет-

телгендігін баяндайды. Әйтсе де: “Жеке компоненттер, тіпті тұтас тараулар қаншалықты құнды болса да босан романды ширата алмайтыны, ол-қызықтан құтқара алмайтыны бар. “Алтай жүрегі” де сондай халге душар болған”, – [4,245] деген сыныш романның кемшін түстарын алға тартады. Геройлардың біразы өмірден алынбай, ойдан шығарылғандыбының, адамдардың бір-бірімен байланысы карадүрсін суреттегендігін, романның конфликті 30-жылдардағы схематизмге құрлығандыбының, кейіпкерлер психологиясын ашып, іс-әрекеттерін баян ету орнына, автор жалаң ақыл айту, жиналыстарды баяндау тәрізді келенсіздіктерге жол бергендейтін андатып, өз ойын нақты айғақтармен дәлелдейді.

Сыныш: “Диханның бұрынғы өлендері сазды, лепті келетін еді. Тайырдың поэзиясы нанымды, нұрлы шаттыққа толы болушы еді. Соның бәрі сөз болып отырған соңғы шығармаларында ығыстап, өз орнын құрғақ сөздер тізбегіне босатып бергеніне қатты қынжыламыз.

...Тайыр мен Дихан өндіріс тақырыбына қызығып үлкен шығармалар жазған-дағы, бірақ сол өндірістегі адамдарды, олардың ойларын, мінездерін зерттеп жетпеген. Сондықтан бұл шығармаларда сезім жок, қонілге қонымсыз жалаң ақыл ғана бар. Бұның өзі үстірт үгітке өкеліп соқпай қоймайды.

Тайыр мен Дихан өндіріс тақырыбына қомақты шығармалар жазып, иғі бастама жасады. Бұл үшін оларға қошемет көрсету ләзім”, – [4,246] деп ақындардың жалпы қабілетіне, жетістіктеріне жанашырлықпен қарап, сол түстағы кемшіндіктің болуы – қос ақынның тақырыпты жете игермеуі мен кейіпкерлер болмысын толыққанды танымаудың жатқандыбының екендігін пайымдайды.

Ол өз ойының құрғақ сөз, мәрдымсыз мағына болмауы үшін, қазақ әдебиетінде елеулі, үлгі тұтарлық енбектердің де бар екендігін тани отырып, Ф. Мұсіреповтің “Оянған өлкө”, С. Ерубаевтың “Менің құрластарым” романдарына токтатып, соңғы шығармалардың кейіпкерлерінің суреттегі шеберлігінен, тақырыптың ашылу сипатынан сыр шертеді. Ұзак жасайтын шығармаларын геройлары шаттана да, қайғыра да білуі – басты парыз деп түйіндейді.

Сөйтіп, Т. Әлімқұлов “Поэзия және поэзия сыны” макаласында өз дәүіріндегі поэзия жанрының кезек күттірмейтін мәселелерін көзғаган. Поэзияға, оның әдеби сыннына шын жанашырлық танытта отырып, өз ойын нақты мысалдар-

мен айғақтай келе сыншы: “Біздің поэзиядағы көп бұтакты кемшіліктердің түпкі тамыры примитивизмде жатыр. Схематизмге де, натурализмге де ондырмай ұрындыратын сол. Поэзия мен поэзия сыны жөнінде мықты сейлесуіміз керек. Тек, мейлінше принципті, мейлінше әділ сөз болсын”, – [4,251] деген қорытындыға келеді.

Т. Әлімқұловтың 70 жылдығына арнаған мақаласында танымал ғалым Р. Бердібаев: “Ол өзінің творчестволық тәжірибесінде түрлі тарапқа шашырамаған, өуел бастан мақсатын айқындағап, алтын желіні іздеғен суреткер. Тәкенді жанрын таныған жазушы деп атауға да болады. Ол, асылы, үлкен сыншыл ойдың адамы еді. Қөркем туындыларында да аналитикалық талдау мен толғаныстар қатарласа келіп отыратыны сол себептен болса керек. Егер прозага бармаса, Тәкен қазақ әдебиетінің мандай алды сыншысы атанар еді.

Оның сын кітаптарында терең білімділік, кең құлаштылық, батылдық, әділдік қатар табылады”, – [5] деп, әділ бағасын берген. Олай болса, зерделі жанға Т. Әлімқұловтың сыншылық, зерттеушілік, ғалымдық жан сарайында үлгі тұтар тағылымды үрдіс көп.

ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаев Н. “Мәдени мұра” бағдарламасы – Мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс // Егемен Қазақстан. 2003. 29 қараша.
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында. Алматы, 1999. 400 б.
3. Әлімқұлов Т. Жемісті жолда. О прошлом и настоящем. Әдеби сын мақалалар жинағы. Алматы: Қазмет-қөркемәдеббас, 1958. 158 б.
4. Әлімқұлов Т. Жұмбак жан. Зерттеулер мен мақалалар. Алматы: Жазушы, 1978. 368 б.
5. Бердібаев Р. Інкөрлік сезім // Жетісу. 1988. 30 сентябрь.